**Ғылыми кітапхана**

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті*



Ұлы Жамбыл – қазақтың дәстүрлі әдебиетінің аса дарынды, асқақ жаратылған алып өкілі.

Н.Ә.Назарбаев

Қадірлі оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға «Жыр Алыбы-Жамбыл» атты университет кітапханасының қорында бар кітаптардан виртуалды кітап көрмесін ұсынамыз.

Жыр алыбы - Жамбыл Жабаевқа 170 жыл. Екі ғасырдың куәсі, жыршы- жырау, халық ақыны, ірі айтыскер ақын, «Халық поэзиясының алыбы», «ХХ ғасырдың Гомері», «Жамбыл – менің жай атым, халық- менің шын атым» деген ұлы тұлға.1938 жылы «Ленин» орденімен, 1939 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. 1941 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлық берілді.

Жамбыл Жабаев қазіргі Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы, Жамбыл тауының етегінде 1846 жылы 28 ақпанда көшпелі кедей отбасында туған.Жастайынан өлеңді қолма- қол жанынан шығарып айтатын болған. Қаршадай баланың өнеріне сүйінген атақты Сүйінбай ақын оған ақ батасын берген. Алғашқы өлеңдері Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағамбет, Құлмамбет, Шашубаймен айтысқан, әсіресе 1881 жылы Құлмамбетті жеңіп, Жетісудың атақты ақыны аталды.


Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей — көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,
Жамбыл деп қойылыпты атым содан.
Жамбыл.

**Жамбыл, Ж.  Халық- менің шын атым/ Ж. Жамбыл.-Алматы: Атамұра, 2009.-256 б.**

Жинаққа Жамбыл Жабаевтың лирикалық, философиялық өлеңдері мен айтыстары, тарихи-эпикалық дастандары топтастырылды.




Халық –менің шын атым.
Жамбыл деген – жай атым,
Халық – менің шын атым,
Жай –күй рығым, қанатым,
Қазақстан- Отаным.
Қалаған бақыт мұрасын.
Кеңес – менің мыңдап жыл.
Аңсап тапқан мұратым.
Жаңқамды жауға бермеске,
Отанға берген бар атым.
Миллион- миллион барлық жан ,
Арыстан жүрек ер балам,
Сарқылғанша талшы қан,
Қорған, шебін құратын,
Жау мой ынан жұлатын-
Атым осы болатын...

**Жамбыл. Туған елім: Өлеңдер, толғаулар, дастандар, ай тыстар / Жамбыл.– Алматы: Раритет, 2006.– 206 б.**

Халық поэзиясы мен жазба әдебиетіміздің арасындағы алтын көпір сынды жүз жасаған жыр алыбы Жамбылдың таңдамалы жинағына заманалық өлең – толғаулары мен Құланаян Құлманбетпен ай тысы және елдікті, ерлікті толғаған екі дастаны енді. Ұлы ақын бабамыздың ұланғай ыр мұрасынан сұрыпталып алынған бұл туындылар шындықты, адалдықты ардақты Отанды, ынтымақ – бірлікті, халықтар достығын қастерлеуге үндей ді.




Өсиет.

Ой –хой , дүние серуен! Адам бір көшкен керуен. Дүниені қызық қалдырып, Асамыз өмір белінен. Кірсе лебіз – шықса жоқ, Қауіп етіңдер өлімнен. Қылышбай дан таралып, Сөз нұқсасы келінген. Дос–жаранға, кемтарға Қай ырлы бол делінген! Қылған қай ыр болмаса, Не әкетесің өмірден?! Дәулетіңнен не пай да Таусылмастай көрінген?! Жалғыз мұраң сол болар – Қол қай ырың берілген. Басқа дүние бірі де Көмілмей ді кебінмен. Көп қарға тең келмей ді бір сұңқарға, Көп жылқы тең келмей ді бір тұлпарға. Жақсының әрқашанда жөні бөлек, Жаман адам жарамас бір қымтарға.

Жамбыл.

**Жабаев.Ж. Өлеңдер, айтыстар, дастандар/ құраст.С.Садырбаев.- Алматы: Мектеп, 1989.- 143 б.**






**Жабаев Жамбыл: Екі томдық шығармалар жинағы. Т1. Революцияға дейінгі шығармалары / Құраст. Садырбаев С., Сейдеханов К.- Алматы: Жазушы, 1982.-336 б.**

Қазақ халқының ұлы ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жамбыл Жабаев шығармаларының екі томдық толық жинағы 1939, 1946, 1996 жылдары баспалардан жарыққа шыққан нұсқаларының негізінде құрастырылды. Қазақстан және Қырғызстан Ұлттық кітапханаларынан жаңадан табылған Жамбылдың лирикалық, философиялық, сатиралық өлеңдері мен айтыстары және тарихи-эпикалық дастандары енгізілді.




Сүйінбайға.

Сүйеке, сүйенішім, өнерпазым,
Әйгілі ақылгөйі желді сөздің.
Әкежан, сен де тіле, бата берсін,
Балаңа өлең қонып, атақ ерсін!
Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке!
Жапаның лы ақын боп,
Жақсы істепті дер, әке!
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке.
«Ұрлық түбі - қорлық» деп,
Болармыз құр келеке.

Жамбыл.

**Жабаев Жамбыл: Екі томдық шығармалар жинағы. Т 2. Совет дәуіріндегі шығармалары / Құраст. Садырбаев С., Сейдеханов К.- Алматы: Жазушы, 1982.- 440 б.**




Қазақ халық әдебиетінің классигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жамбыл Жабаевтың екінші томында: заман туралы философиялық толғаулары, адам және табиғат, Отан және патриотизм, батырлық пен ерлік, білім мен көркемөнер, еңбек пен бақыт, әділдік пен адалдық, достық пен жолдастық, сезім мен ақыл, махаббат пен адамгершілік өлеңдері және сын-сықақтары енгізілді.




Мәңгілік бізбен қаласың, Жамбыл,
Ту ұстаушымыз боласың, Жамбыл.
Өмірің ердің өміріндей.
Советтік батыр, сүйікті жан бұл —
Әлемге шапақ төгеді Жамбыл
Жиырмасыншы ғасыр Гомеріндей.

Ты останешься пред нами, Джамбул,
Бойцом, поднимающим знамя, Джамбул,
Горячим борцом человека,
Любимым советским батыром, Джамбул,
Зарей, восходящей над миром, Джамбул,
Гомером двадцатого века!

М. Матусовский



**Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құраст. Н. Төреқұлов.- Алматы: Жазушы, 1989.- 416 б.**

«Дастан ата» - кезінде Жамбылдың көзін көріп,қасында бірге жүрген,талай әңгіме-сұхбат құрған белгілі жазушылардың естеліктері.
Ұлы ақынның әрқилы кезеңде жазушы,қоғам қайраткерлерімен түскен,сирек кездесетін фотосуреттері де еніп отыр.




**Жалғызбын деп жүрмесін.**
Сәлем айт, барсаң Абайға,
Кеңесі кеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайда!
Бір жұтқан судай дүниесің,
Ащысын татып күймесін.
Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін!
Кемелге келген асыл-ай,
Тасқынды тәңір басуы-ай!
Нар көтерген ауырға
Арқасын тоссын жасымай!

Жамбыл.




**Жамбыл Жабаев творчествосы.- Алматы: Ғылым, 1989.- 272 б.**

Монографияда жыр алыбының өзіне тән творчестволық ерекшелігі, қазақ совет поэзиясын дамытудағы ролі,ақындық мектебі,жаңашылдығы кеңінен сөз болады.




**Исмаилов, Е. Ақындық өмір/ Е. Исмаилов.- Алматы: Жазушы, 1965.- 144 б .**

Жамбыл өскен қоғамдық,өнерпаздық ортаның дәстүрі мен сырлары,революциялық салт-сананың,жаңа мәдениеттің ақындық талантты қайта тудырып,дамытқан тамаша табиғи заңдылықтар дәлелі де қызықты суреттеледі.




**Төреқұлов, Н.  Жамбыл мен Кенен (творчестволық этюдтер)/ Алматы: Жалын, 1978.- 128 б.**

"Жамбыл мен Кенен" атты кітапқа ғалым Н.Төреқұлов халқымыздың сүйікті екі ақынының өмірін арқау еткен. Оқушы қауымға: "Қанатты сөздер", "Нақыл сөздердің тәрбиелік мәні" секілді эстетикалық тәрбиесі мол кітап берген автор төкпе жырау, дүниеге даңқы жайылған арынды ақын Жамбылдың балалық, жастық, жасындай жалтылдаған кемел шақтарын суреттей отырып, оның ізбасар інісі ақын, әнші, халық композиторы Кененмен мөлдір достығын, өнер адамдарының бір-біріне деген сыйластығын әңгімелейді.




**Төреқұл, Н. Алатау асқарынан жыр асырған: ғұмырнамалық эссе/ Алматы: Ғылым, 1996.- 319 б.**

Жамбылдың жас кезінен жүз жасқа дейінгі өмірін қамтитын ғұмырнамалық эссе.Кітап соңғы жылдары табылған жаңа дерек,тың мәліметтер негізінде жазылған.

Жабаев, Ж. Избранные произведения/ Ж. Жабаев; пер. с каз.- Астана: Аудармa, 2010.- 464 с.

Дорогой читатель!

Предлагая вам эту книгу, мы надеемся, что ознакомившись с нею, вы получите полное представление о могуществе поэтического дарования Жамбыла Жабаева, о его жизни и творчестве, о его поэзии, вобравшей в себя две эпохи казахской дей ствительности, которые мудрый акын отобразил в сопоставлении и противопоставлении.




Казахстан.

Есть земля - и в ней живет
Славный воинов гордый народ
По зеленым её полям
Бродит тучный и сытый скот
Есть страна, где велик простор
Океанов полей и гор
И прозрачных, как лунный свет
И безбрежных, как даль озер
Там лесов недоступных тень
Там зеленых жайляу сень
Там в широкой степи акын
Ты встречаешь и ночь и день
Есть земля, что в себе хранит
Медь, железо, свинец ,гранит
И об этой земле твоя
Молодая домбра звенит.

Жамбыл.




**Жамбыл бейнелеу өнерінде=Джамбул в изобразительном искусстве.- Алма-Ата: өнер, 1989.- 142 б.**




Джамбул. Избранное /М.: Казгослитиздат, 1951.- 260 с.

В настоящем издании сочинений Джамбула представлены песни и поэмы акына, характеризующие его творческий облик народного певца и поэта.



ӘОЖ 821.512.122 Қолжазба құқығында

ТЕБЕГЕНОВА АЛТЫНАРАЙ ТЕМІРХАНҚЫЗЫ

ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС:
ҰЛТТЫҚ СИПАТ ЖӘНЕ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

10.01.02-қазақ әдебиеті

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Алматы
2003

Тебегенова, А.Т. Жамбыл шығармашылығына жаңаша көзқарас: ұлттық сипат дөстүр жалғастығы: Филология ғылымд. канд.... дис. автореф./әл-Фараби атынд. Қазақ ұлттық ун-ті.- Алматы, 2003.- 33б.



УДК 821. 512.122.03 На правах рукописи

АХМЕТЖАНОВА ЖАНАР ШАЙКЕНОВНА

Национальное своеобразие поэзии Жамбыла
Жабаева и вопросы его воссоздания в переводе на
русский язык

10.01.02 -казахская литература

Автореферат
диссертации на соискание ученой степени
кандидата филологических наук

Республика Казахстан
Алматы
1998

Ахметжанова, Ж.Ш. Национальное своеобразие поэзии Ж.Жабаева и вопросы его воссоздания в переводе на русский язык: Автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. филол. наук /Казахский национал. ун-т им. аль-Фараби.- Алматы, 2007.- 32 с.










«Я – зоркий сокол, я — напев моей страны, я – ваш Жамбыл»

Бегалин С.

Жамбыл:
өмірбаяндық хикаят

2009









Назарларыңызға рахмет ! Құрастырушы: Ж.Г.Кусаинова